

Қарақия аудандық мәслихатының кейбір шешідерінің күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2023 жылғы 6 қазандағы № 6/44 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 қазанда № 4612-12 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Қарақия аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарақия аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) 2020 жылғы 27 қарашадағы № 45/452 "Қарақия ауданының елді мекендерінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4363 болып тіркелген);

2) 2021 жылғы 12 қарашадағы № 9/78 "Қарақия ауданының елді мекендерінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2020 жылғы 27 қарашадағы № 45/452 шешіміне өзгерістер енгізу туралы".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарақия аудандық мәслихатының төрағасы

Ж. Қалаубай